

«Азаматтарға арналған үймет»
мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2004 № 10 01 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 99039000-1979
РН 2873-1904-000-00
1999.29.03

БЕКІТІЛДІ
«Ақтөбе облысы әкімдігі
2021 ЖЫЛҒЫ «30» 11
№ 390 қаулысымен

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 27 «ақпан» 2004 жылғы № 31 қаулысының негізінде құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органы) жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 «Қонжық» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 030012, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Т.Рысқұлов көшесі, 8 үйі.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.